

## 2023-2024 оқу жылы бойынша педагог-психологтың жылдық жұмысы бойынша ақпарат

2023-24 оқу жылында «Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ 324 оқушымен оқу жылын бастады. Мектепте осы оқу жылында төмендегідей жұмыстар жасалынды.

Қыркүйек айында Даярлық және 1-сынып оқушыларымен танысу болды. Олардан мектепке бейіділігін анықтау мақсатында Керн-Иерассек әдістемесі алынды. 5-7 сыныптардың темперамент типтері зерттеліп, социометрия әдістемесі алынды. «Бастауыш сынып оқушыларының мектепке бейімделуінің психологиялық ерекшеліктері» тақырыбында баяндама оқылды. Мектебізге жаңа оқу жылынан бастап келген жас мамандармен танысып, олардан сауалнама алынды, әр түрлі тренингтер өткізілді. 11-сынып оқушыларымен танысу, оларға ҰБТ-ге байланысты тренингтер өтті.

Қазан айында барлық сыныптар үшін таным процесстерін зерттеу жұмысы өтті. 9-11 сыныптардан кәсіби бағдар қалыптастыру бағытында «Голланд әдістемесі» алынды. Пән мұғалімдерінің сабақтарына қатысу, жас мамандармен пәнарлық байланыс болды. Ата-аналарға арналған «Бала психологиясының дамуына отбасының ықпалы» атты баяндама оқылды, әр түрлі сауалнамалар, тренингтер, кеңестер өткізілді. Ұстаздарға арналған «Өзінді білгің келсе», «Саусақтар арқылы мінез анықтау» сияқты тесттер болды.

Қараша айында 5-сыныптар үшін «Сынып социометрия» әдісі өтті. Сыныптардың сабақтарына қатысып, үлгерімі төмен оқушы барма жоқпа анықтау болды, нәтижесінде үлгермейтін оқушы жоқ екені анықталды. 9-11 сыныптарға кәсіби бағдар ретінде «Кім болам», «Мамандықтың бәрі жақсы» тақырыптарда тренингтер өтті. Жас мамандармен «Бүгінгі күн басқа күнге ұқсамау керек» тақырыбымен тренинг өтті. Мұғалімдер өте белсене қатысты, тренинг қызықты өтті. Осы айда 8-10 сынып оқушыларына арналған «Мектептегі жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту және теріс мінез-құлықтың алдын-алу» бағдарламасы жүзеге асырылды. 8-10 сынып ата-аналарымен кезесіп, түсінік жұмыстары жүргізіліп, келісім алынды. Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектебінде осы жоба бойынша 8-10 сыныпта 55 оқушы қатысуы тиіс болатын. Соның 53-і келісім беріп, 1 қатыспайтын болып, 1 оқушы үйден оқитын болғандықтан қатыспайтын болды. Жобаның қорытындысы бойынша мектебімізде тәуекел топта оқушы жоқ екені анықталды.

Желтоқсан айында бастауыш сыныптармен зейінді анықтау, есте сақтау қабілеттерін анықтау мақсатында әдістемелер жүргізілді. 11-сынып оқушыларына ҰБТ-ге байланысты «Уақытты басқаруды қалай үйренуге болады?» атты дәріс өтті. Қаңтар айында мамандық таңдау қызығушылықтары, сауалнама, тесттер алынды. Ата-аналарға арналған «Қыз бала психологиясы» тақырыбында баяндама оқылды. «Баланы қалай мақтаған дұрыс» атааналарға кеңес берілді. 7-11 сыныптан Филипстің мазасыздығын анықтауға арналған тест алынды. 9-сынып оқушыларын ОЖСБ байланысты «Мақсат-жетістік желкені» тренингі өтті. Ұжымда ауызбіршілік, ынтымақ орнату мақсатында әр түрлі жұмыстар өтті. Ақпан айында бастауыш буын үшін «Мен және менің отбасым» проективті әдістемесі ұйымдастырылды. 10-11 сыныптар үшін «Үй, ағаш, адам» әдістемесі өткізілді. Наурыз айында ОЖСБ ж/е ҰБТ бойынша «Стресс» тесті алынып, жаттығулар жасалды. «Өмір-қымбатсың маған» дөңгелек үстел болды. Оқушыларға емтиханға қалай дайындалу керек жайында кеңестер берілді.

Сәуір айында «Мұғалім-оқушы көзімен», мұғалім ата-ана көзімен» сауалнамалар алынды.

11-сынып оқушыларына ҰБТ байланысты жүрмелі семинар өтті, онда кеңестер берілді, тренингтер өткізілді. Оқушылар риза болды. Мектепшілік ата-аналар жиналысында «Тәрбиеотбасынан» басталады тақырыбында баяндама оқылды. Ұстаздар үшін «Өрмекші торы, «Шаттық шаңырағы, Жақсы көңіл-күй –жан азығы» т.б тренингтер өтті.